



«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН  
2020 жылғы 23 сәуірдегі  
№ 140 хаттама

**Зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру  
ЕРЕЖЕСІ**  
**«Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» АҚ**

## 1. ЖАЛПЫ ШАРТТАР

1. Осы зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген және сақтандырудың шарттарын, зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасасу, сүйемелдеу және орындау тәртібін реттейді.

2. Осы Ережеде қолданылатын түсініктер:

1) **Пайда алушы** – Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

2) **Зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік** – Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында қарастырылған, үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша Сақтанушының жауапкершілігі;

3) **өрескел абайсыздық** – Сақтанушының (Сақтандырылушының, олардың қызметкерлерінің) кәсіби қызметті жүргізу тәртібін және талаптарын анықтайтын лауазымдық нұсқаулықтардың, ережелердің және басқа нормативтік актілердің талаптарын бұзуы, бұл ретте Сақтанушы (Сақтандырылушы, олардың қызметкерлері) олардың жоғарыда көзделген талаптарды сақтамауы салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына зиян келтіру және (немесе) мүліктік залал (зиян) келтіруге әкеп соқтыратын оқиғалардың басталу мүмкіндігін болжауы тиіс болған талаппен, сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) қызметкерінің расталған кәсіби білімі мен тәжірибесі болмаған кездегі қызметі, сонымен қатар, Сақтанушының (Сақтандырылушының) қызметі барысында Сақтанушы (Сақтандырылушы) өзі жасаған немесе оның атынан жасалған деп күдіктелген немқұрайылық, қателік немесе кәсіби сипаттағы жаңсақтық, бейберекеттік немесе әбестік;

4) **Сақтандырылушы** – оған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға.

5) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан әрекетке қабілетті жеке немесе заңды тұлға. Егер сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылушы болып табылады;

6) **сақтандыру мүддесі** – Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) тәуекелдердің алдын алу және сақтандыру жағдайының басталуын болдырмаудағы мүліктік мүддесі;

7) **сақтандыру жағдайы** – ол туындаған кезде Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.

Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғада төменде санамаланған белгілердің барлығы (жинақтаушы Сақтандыру шарты бойынша көзделуі мүмкін оқиғаларды қоспағанда) болуға тиіс:

- оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;
- оқиғаның басталуының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның басталу салдарынан болған залалдардың мөлшеріне қатысты болжанбайтындығы;
- оқиға шарттың қолданылуы шегінде сөзсіз және объективті түрде болуға тиіс, бұлар жөнінде тараптар немесе ең болмағанда, Сақтанушы көрінеу білді немесе алдын ала хабардар болды деген қауіптің болмауы;

– оқиғаның басталуында Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) мүліктік мүддесі үшін теріс, экономикалық тұрғыдан тиімсіз салдардың болуы;

8) оқиғаның басталуы Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) ерік-қалауымен және (немесе) пиғылымен байланысты болмауы және пайда алу және (немесе) ұтыс алу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемеуі.

**9) Сақтандырушы** – мүлікті ерікті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына Сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті «Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы;

**10) талап** – үшінші тұлғаға залал келтіруге байланысты Сақтанушыға қойылған наразылық;

**11) Үшінші тұлға** – Сақтандыру шартының бір тарабы болып табылмайтын және Қазақстан Республикасының зиян келтіру салдарынан туындайтын жағдайлар туралы азаматтық заңнамасына сәйкес жәбірленуші деп танылатын тұлға. Бұл ретте үшінші тұлға деп олардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтірілген жеке тұлғалар, сондай-ақ сақтандыру жағдайы деп танылған және Сақтандыру шартында көзделген оқиғаның басталуы салдарынан олардың мүлкіне зиян келтірілген заңды тұлғалар түсіндіріледі. Үшінші тұлғаларға еңбек шарты немесе азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт негізінде еңбек (қызметтік, лауазымдық) міндеттерін орындаушы және оларға осы міндеттерін орындау кезінде зиян келтірілген, Сақтанушының (Сақтандырылушының) қызметкерлері, сондай-ақ оларға қатысты Сақтанушы (Сақтандырылушы) аффилиирленген болып табылатын тұлғалар жатпайды.

**3.** Сақтандыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Сақтандырушы мен Сақтанушының арасында жасалатын Сақтандыру шартының негізінде жүзеге асырылады.

**4.** Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) кереғар мүдделер сақтандыруға жатпайды.

**5.** Сақтандыру шартын жасасу кезінде тараптар осы Сақтандыру ережелерінің жекелеген ережелерін өзгертуі (алып тастауы) және/немесе Сақтандыру шартын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа ережелермен толықтыруы мүмкін.

## **2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ**

**6.** Сақтандыру объектісі – Сақтанушының үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүліне келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіпте өтеу міндетімен байланысты мүліктік мүддесі.

**7.** Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, сақтандыруға Сақтанушының төмендегілер барысында үшінші тұлғаларға келтірген зиянды өтеу үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік тәуекелі қабылданады:

1) қызметтер көрсетуді (жұмыстар орындауды) қоса алғанда, өндірістік немесе басқа шаруашылық қызметі;

2) қоғамдық-бұқаралық, спорттық, ойын-сауық және мәдени-ағарту шараларын ұйымдастыру және жүргізу;

3) тұрғын үй қоры (ғимараттар, пәтерлер, жеке үйлер) объектілерін қоса алғанда, ғимараттарды, құрылыстарды ұстау, пайдалану, жалдау;

4) өндірістік машиналарды, механизмдерді, жабдықтарды, инженерлік құрылыстарды пайдалану;

5) ауыл шаруашылығын қоса алғанда, малдарды ұстау.

Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер болса, Сақтанушының (Сақтандырылушының) оған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын қызмет түрі Сақтандыру шартында көрсетіледі.

**8.** Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, сақтандырумен Сақтанушы (Сақтандырылушы) қызметкерлерінің жауапкершілігі өтеледі, егер олар бұл ретте Сақтанушының тапсырмасы бойынша және оның бақылауымен әрекет еткен болса немесе

әрекет етуге тиіс болған болса. Бұл тұлғалардың жауапкершілігі ол тұлға Сақтанушы – жұмыс беруші алдындағы өзінің міндеттерінен тыс орындаған кез келген қызмет салдарынан мүліктік залал келтірген жағдайда, сақтандырылған болып табылмайды.

9. Егер сақтандырудың қандай-да бір бөлігінде сақтандыру өтемі, сақтандыру төлемі немесе қаржылық пайда Сақтандырушыны немесе оның органын БҰҰ-ның шешімдеріне, Қазақстан Республикасы, Еуропалық Одақ немесе АҚШ үкіметтерінің заңдары мен қаулыларына сәйкес қандай-да бір санкцияларға, тыйым салуларға немесе шектеулерге, сауда немесе экономикалық санкцияларға әкеп соқтырса, Сақтандырушы сақтандыру қорғанысын бермейді, сонымен қатар сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін немесе Сақтандыру шарты бойынша кез-келген басқа қаржылық пайда алу үшін жауап бермейді.

### **3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

10. Сақтандыру жағдайы Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасы заңнамасында анықталған жағдайларға байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандыру шартында көрсетілген қызметті жүзеге асыруымен байланысты оқиға нәтижесінде үшінші тұлғалар өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндеттемесінің орын алу фактісі болып табылады.

11. Сақтандыру жағдайының басталуы заңды күшіне енген сот шешімімен немесе Сақтанушының (Сақтандырылушының) зиян келтіруі үшін жауапкершілігін ерікті мойындауымен расталады. Бұл ретте Сақтанушының (Сақтандырылушының) өз жауапкершілігін мойындауы Сақтандырушыны қандай да бір міндеттемелерге әкеп соқтырмайды және оқиғаның мәртебесі туралы шешімді Сақтандырушы жауапкершіліктің басталу фактісін растайтын құжаттардың негізінде қабылдайды.

12. Сақтандыру жағдайы деп Сақтандыру шартында көрсетілетін сақтандырылған қызметті жүзеге асыру барысында үшінші тұлғаларға келтірілген залалмен себепті-салдарлы байланысы бар болған сақтандыру оқиғасы мойындалады.

13. Сақтандыру жағдайы деп Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданыс мерзімі ішінде және мазмұндалған сақтандыру аумағында басталған оқиға танылады.

14. Бір себеп бойынша орын алған бірнеше шығындар бір сақтандыру жағдайы ретінде қаралады.

### **4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ**

15. Төмендегілер салдарынан үшінші тұлғаларға келтірілген зиян сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

- 1) табиғат апаттары;
- 2) әртүрлі әскери әрекеттер немесе әскери іс-шаралар және олардың салдары (азаматтық соғыс, төңкерістер, көтерілістер, бүліктер, қоршау немесе билікті узурпациялау, тұтқындау, азаматтық тербелістер, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, локауттар және олардың салдары);
- 3) лаңкестік актілер;
- 4) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті зарардану әсерлері;
- 5) тежеусіз күш жағдайларының әрекеті – Сақтандырушының, Сақтанушының (Сақтандырылушының) бақылауына бағынбайтын төтенше, ырық бермейтін жағдайлар;
- 6) асбесттің, асбест талшығының немесе құрамында асбест, зең, саңырауқұлақ, радиация, кез келген улы материалдар бар кез келген өнімдердің әсері;
- 7) қауіпті объектілерді пайдалану, егер қауіпті объект үшін жауапкершілікті Сақтанушы тәуекелді сақтандыру кезінде көрсеткен болса;

- 8) авторлық құқықты және патенттік құқықты бұзу;
- 9) Сақтанушының төлем қабілетсіздігі;
- 10) Сақтанушының (Сақтандырылушының), оның тұрақты, уақытша және маусымдық қызметкерлерінің, мердігер шарттары бойынша Сақтанушыда (Сақтандырылушыда) қызмет ететін тұлғалардың, машықтанушылардың, тәжірибеден өтушілердің, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) құрылтайшыларының, қатысушыларының, жарнашыларының, акционерлерінің қасақана әрекеттері (бейәрекеттері) немесе өрескел абайсыздығы.

**16.** Егер Сақтандыру бағдарламасында/ Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, үшінші тұлғаларға төмендегілер салдарынан келтірілген зиян сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

1) тауар (өнім/қызмет) туралы шындыққа жанаспайтын мәліметтер тарату, оның ішінде, тауарлардың (өнімнің/қызметтің) сапасы, қасиеттері, техникалық сипаттамалары, қызмет ету мерзімі (жарамдылығы) туралы теріс ақпарат, сонымен қатар, тауарлардың (өнімнің/қызметтің) мәлімделген ақпаратқа сәйкессіздігі;

2) жұмыстарды орындауға бұған өкілеттік берілмеген персоналдың, сонымен қатар, ми ауруларынан, эпилепсиямен және олардың әрекет ету қабілетін шектейтін басқа да аурулардан жапа шегетін тұлғалардың қатысуы;

3) газдар, булар, сәулелер, сұйықтықтар, ылғал немесе кез-келген, оның ішінде, атмосфералық емес шөгінділердің (күйе, ыс, түтін, шаң және т.б.), сондай-ақ ластаушы заттарды тұрақты түрде шығару және тастаудан болған оқиғалардың тұрақты, үнемі немесе ұзақ термикалық әсері немесе ықпалы;

4) сынақтар (тәжірибелер және т.б.), сонымен қатар, Сақтанушының (Сақтандырылушының) басқа, арнайы рұқсатты талап ететін қызмет түрлерін орындауы;

5) конструкциялар, жабдық, материалдардың тозуынан туындаған оқиғалар, оның ішінде, пайдаланудың нормативті мерзімінен артық пайдаланылатындар;

6) Сақтанушының (Сақтандырылушының, оның қызметкерлерінің) сақтандыру жағдайымен тікелей себепті байланыстағы қылмыстарды жасауы;

7) Сақтанушының (Сақтандырылушының, оның қызметкерлерінің) алкогольмен, уытпен немесе есірткімен мастану күйінде немесе басқалай мастану күйінде немесе оның салдарынан жасаған әрекеттері (бейәрекеттері);

8) Сақтанушының (Сақтандырылушының) рұқсат беретін құжаттары жоқ қызметті жүзеге асыруы;

9) Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандыру шартының әрекеті басталған күні ол туралы білген немесе білуі тиіс болған, алайда, ол туралы Сақтандырушыға мәлімдемеген факторлар, ахуалдар, жағдайлар;

10) авторлық құқықтарды, жаңалық, өнер табысы немесе өнеркәсіптік үлгіге құқықтарды немесе ұқсас құқықтарды бұзу, оның ішінде, тіркелген сауда, фирмалық немесе тауар таңбаларын, символдар мен атауларды рұқсатсыз пайдалану;

11) кез келген өнімнің дизайны немесе оны жобалау барысындағы қателер, ақаулар немесе жетімсіздіктер.

**17.** Егер Сақтандыру бағдарламасында/ Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, Сақтандырушы мыналар үшін сақтандыру төлемін жүргізбейді:

1) Сақтандыру бағдарламасында/ Сақтандыру шартында анықталған сақтандыру аумағынан тыс келтірілген залал;

2) моральды шығын мен жанама шығындар (уыстан шығарылған пайда, тауар түрінен айрылу және т.б.) үшін, сонымен қатар, шарт міндеттемелерін орындамау/талапқа сай орындамау;

3) сақтандыру жағдайына және оны кез келген уәкілетті органда дәлелдеуге байланысты істі жүргізу шығындары (мемлекеттік баждар, ксерокөшірме шығындары, нотариатта куәландыру, сараптама, адвокат, өкіл, аудармашы қызметтерінің ақысы);

4) ол шығындар Сақтандырушы өтеуі тиіс залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында жүзеге асырылған жағдайларды қоспағанда, сот, сараптама шығыстары;

5) Сақтанушының (Сақтандырылушының) шаруашылық қызметін тоқтату тұру, шектеу туралы үкіметтік, реттеуші және басқа құзіретті органдардың ұйғарымымен, нұсқауымен, бұйрығымен, талабымен байланысты туындайтын залалдар;

6) Қазақстан Республикасының юрисдикциясынан тыс берілген немесе шығарылған наразылықтар, талаптар, сот шешімдері;

7) асбест, асбест бар кез келген материалмен, кремний диоксидімен, кремний диоксид талшықтарымен немесе кремний диоксид тозаңымен немесе кез келген нысандағы кремний диоксидімен тікелей немесе жанама байланысты оқиғалар немесе жағдайлар салдарынан келтірілген залал;

8) Сақтанушының (Сақтандырылушының) контрагенттері шарт, келісім немесе келісімшарт бойынша қабылдаған міндеттерін орындамау немесе тиісінше орындамау салдарынан, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) шарттың немесе келісімшарттың талаптарын бұзуына байланысты келтірілген залалдар;

9) Сақтанушы (Сақтандырылушы) бір-біріне қойған кез келген наразылықтар, талап қуынымдар;

10) Сақтанушы (Сақтандырылушы) кез келген түрдегі жер үсті, әуе немесе су көлігін пайдалануы салдарынан келтірілген залал;

11) заңнамада белгіленген шамадан тыс жауапкершілікті белгілейтін талаптар, сот шешімдері;

12) Сақтанушы (Сақтандырылушы) қызметкерлерінің не Сақтанушының (Сақтандырылушының) мүддесі үшін кез келген нысанда Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) келісімшарт бойынша жұмыстардың белгілі бір түрін орындайтын тұлғалардың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян;

13) түтіннің, будың, ыстың, буланудың, қышқылдың, сілтінің, улы химикаттардың, сұйықтықтардың немесе газ қалдықтарының не уландыратын заттардың, ластаушы реагенттердің жерге немесе жер астына, атмосфераға не кез келген су арнасына немесе су қоймасына шығарылуы, таралуы, шығып кетуі немесе ағып кетуі салдарынан туындайтын залал/зиян; алайда бұл ерекшелік егер мұндай шығарылу, таралу, шығып кету немесе ағып кету төмендегі бес талапқа сәйкес келсе, қолданылмайды (оны дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі):

а) шығарылу, таралу, шығып кету немесе ағып кету күтпеген жерден болуы тиіс және оларға Сақтанушы бастамашылық етпеуі тиіс;

б) шығарылу, таралу, шығып кету немесе ағып кетудің басталуы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданыс мерзімі ішінде орын алуы тиіс;

в) шығарылу, таралу, шығып кету немесе ағып кету Сақтанушыға немесе басқа тараптарға олар басталғаннан кейінгі 72 (жетпіс екі) сағат ішінде физикалық тұрғыдан ақиқат болуы тиіс;

г) шығарылу, таралу, шығып кету немесе ағып кету салдарынан туындайтын бастапқы залал немесе өмірге/денсаулыққа зиян шығарылу, таралу, шығып кету немесе ағып кету басталғаннан кейінгі 72 (жетпіс екі) сағат ішінде орын алуы немесе анықталуы тиіс;

д) Сақтандырушы осы өтемге сәйкес Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) қойылатын барлық наразылықтар туралы сақтандыру жағдайы туындаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешікпей құлағдар болуы тиіс.

**18.** Сақтандыру шартында осы тарауда аталып өткендерден басқа сақтандыру жағдайының басқа да ерекшеліктері және (немесе) шектеулері қарастырылуы мүмкін.

## **5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ. ФРАНШИЗА**

**19.** Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтандырушы жауаптылығының шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

**20.** Сақтандыру сомасы тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартында белгіленеді.

**21.** Сақтандыру шартында Сақтандырушы жауапкершілігінің лимиттері белгіленуі мүмкін:

- 1) әрбір сақтандыру жағдайына қатысты;
- 2) әрбір жәбірленушіге қатысты;
- 3) зиянның әрбір түріне немесе ол түрлердің тобына қатысты, оның ішінде, бір жәбірленуші бойынша немесе бір сақтандыру жағдайы бойынша.

**22.** Франшиза - Сақтандырушыны сақтандыру шарттарында қарастырылған белгілі бір мөлшерден аспайтын зиянды өтеуден босату. Сақтандыру шартымен шартты немесе шартсыз франшиза белгіленуі мүмкін.

**23.** Шартты франшизада Сақтандырушы белгіленген франшиза мөлшерінен аспайтын зиянды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері осы сомадан асып кетсе, залалды толық көлемде өтеуге міндетті. Шартсыз франшизада келтірілген залал барлық жағдайларда белгіленген сома шегерілгеннен кейін өтеледі.

**24.** Қолданылатын франшизаның түрі мен мөлшері Сақтандыру шартында белгіленеді.

## **6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

**25.** Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушының Сақтандырушыға, соңғысы Пайда алушыға Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

**26.** Сақтандыру шарты бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісін және сақтандыру тәуекелінің сипаттамасын есепке ала отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.

**27.** Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын Қазақстан Республикасының валютасымен төлейді.

**28.** Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда сақтандыру сыйлықақысы шетел валютасымен төленуі мүмкін (валюталық баламада).

**29.** Сақтандыру сыйлықақысы бір уақытта немесе бөліп-бөліп төленеді, аударыммен немесе қолма-қол ақшамен төленеді (Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес).

Сақтандыру сыйлықақысын төлеудің тәртібі мен мерзімі Сақтандыру шартында белгіленеді.

**30.** Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе (тараптардың өзге шарттар туралы жазбаша келісімі болмаса), Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімде уақтылы төлемеген жағдайда, Сақтандырушы:

- 1) сақтандыру сыйлықақысы (кезекті сақтандыру жарнасы) төленбеген күннен бастап біржақты тәртіпте Сақтандыру шартын бұзуға;
- 2) егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға оны енгізу мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы төленгенге дейін (кезекті сақтандыру жарнасы) болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;

3) егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға оны енгізу мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы төленгенге дейін (кезекті сақтандыру жарнасы) болса, сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтаған кезде, мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысының (кезекті сақтандыру жарнасының) сомасы шегеріледі.

**31.** Сақтандыру шарты 1 (бір) жылдан аз мерзімге жасалған кезде, сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартының іс жүзінде әрекет еткен күндер саны үшін (про-рата), немесе жылдық сақтандыру сыйлықақысына пайыздық қатынастарда есептеледі (толық емес ай толық ай болып қабылданады):

Сақтандыру мерзімі	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жылдық сақтандыру сыйлықақысынан %	20	30	40	50	60	70	75	80	85	90	95

## 7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 32. Сақтанушы:

1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде, егер ол құпия ақпарат болмаса, Сақтандырушының жылдық қаржылық есебімен танысуға;

2) осы Ережемен танысуға, Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, оның Сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге, Ережелердің көшірмесін алуға;

3) Сақтандыру шартының (оны жоғалтқан жағдайда) қағаз нысанында ресімделген телнұсқасын алуға немесе Сақтандыру шартын жасасу кезінде көрсетілген Сақтанушының электрондық пошта мекенжайына электрондық Сақтандыру шартын қайта алуға;

4) Сақтандырушының сақтандыру жағдайын тергеу барысымен танысуға;

5) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін алуға;

6) осы Ережеде (Сақтандыру шартында) белгіленген тәртіппен Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

7) Сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен наразылық білдіруге құқылы.

### 33. Сақтанушы:

1) Сақтандыру шартын жасасқан кезде, Сақтандырушыға өзіне белгілі болған барлық жағдайлар туралы, сақтандыру жағдайының ықтималдығын және оның туындауынан болатын шығындардың мөлшерін айқындау үшін хабарлауға;

2) Сақтандыру шартында анықталған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

3) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабарлауға;

4) осы Ереженің және Сақтандыру шартының талаптарын сақтауға;

5) сақтандыру жағдайының орын алуын, сонымен қатар, келтірілген залалды дәлелдеу ауыртпалығын көтеруге, оның ішінде, сараптама өндірісі, сарапшылардың оқиға орнына бару, мамандарды тарту және кеңес алу, қажетті құжаттарды жинау және т.б. бойынша шығындарды көтеруге, егер Сақтандыру шартында басқасы көрсетілмеген болса;

6) Сақтандырылушыны сақтандырудың шарттарымен таныстыруға міндетті. Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын бұзуы оларды Сақтанушының бұзуы ретінде қарастырылады;

7) осы Ереженің 10-тарауына (Сақтандыру шартының талаптарына) сәйкес сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауға Сақтандырушыға барлық қажетті және қажетті құжаттарды ұсынуға;



8) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығын беруді, оның ішінде мұндай құқықты іске асыру үшін қажетті құжаттарды ұсынуды қамтамасыз етуге;

9) Сақтандыру шартының талаптары мен сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдерінің мөлшері туралы құпиялылықты сақтауға;

10) сақтандыру жағдайынан болған залалды азайту жөнінде шаралар қолдануға;

11) Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған жағдайларда белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер мұндай өзгерістер Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімінде сақтандыру тәуекелінің артуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болса, дереу хабарлауға міндетті.

#### **34. Сақтандырушы:**

1) сақтандыру мерзімі ішінде сақтандыру тәуекелінің жай-күйін, оның Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушы берген ақпаратқа сәйкестігін тексеруге;

2) сақтандырылған мүлікті құтқару шығындарын азайту іс-шараларына қатысуға құқылы. Бұл ретте, Сақтандырушының аталған іс-шараларға қатысуы оқиғаның сақтандыру жағдайы ретінде танылуын растамайды;

3) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен жағдайларын дербес анықтауға, оның ішінде мүлікті қарап шығу және келтірілген залалдың мөлшерін анықтау бойынша іс-әрекеттер;

4) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан өз құзыреті негізінде, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

5) Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау себептері мен жағдайларын, осы Ереженің 10-тарауында көрсетілген зиянның мөлшерін анықтау үшін қажетті құжаттарды талап етуге;

6) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру туралы шешімді құзыретті органдардың деректері мен құжаттары негізінде барлық жағдайлар анықталғанға дейін Сақтанушыға жазбаша түрде хабарлама жіберіп, Сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте және мерзімге шегеруге;

7) осы Ережеде, Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуға немесе Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) жазбаша хабарлама жіберу арқылы оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымауға;

8) залалды келтіруге жауапты тұлғаға кері талап құқығын қоюға;

9) Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы Ереженің және/немесе Сақтандыру шартының талаптарын бұзған жағдайда, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

#### **35. Сақтандырушы:**

1) Сақтанушыны сақтандырудың шарттарымен (осы Ережемен) таныстыруға, егер Сақтандыру шарты Сақтанушыға сақтандыру полисін берумен осы Ережеге қосу жолымен жасалған болса осы Ереженің көшірмесін беруге (жіберуге);

2) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны осындай хабарлама алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күн ішінде тіркеуге;

3) сақтандыру жағдайы орын алған уақытта осы Ережеде (Сақтандыру шартында) анықталған мөлшерде, тәртіпшен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;

4) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы туындаған кезде шығынды азайту үшін шеккен ақылға қонымды және орынды шығыстарын өтеуге;

5) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленуші (Пайда алушы) немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, оларға Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде жоқ құжаттар туралы хабарлауға;

6) сақтандырудың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

7) қағаз нысанда ресімделген Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда, Сақтанушының өтінішінің негізінде оған Сақтандыру шартының дубликатын беруге немесе Сақтанушының сұрауы бойынша Сақтандыру шартын жасасу кезінде көрсетілген Сақтанушының электрондық пошта мекенжайына электрондық Сақтандыру шартын қайта жіберуге міндетті.

**36.** Сақтандырушының, Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережелерде, Сақтандыру шартында белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

## **8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІН ҰЛҒАЙТУДЫҢ САЛДАРЫ**

**37.** Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) дереу, бірақ ол белгілі болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарлаған жағдайлардағы елеулі өзгерістер туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

**38.** Кез келген жағдайда келесі өзгерістер маңызды болып танылады:

- 1) сақтандыру аумағының өзгеруі;
- 2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) қызмет түрінің өзгеруі;
- 3) Сақтанушының (Сақтандырылушының) қолданылатын өндіріс технологиясының өзгеруі;
- 4) шаруашылық қызметін жүзеге асыруға қандай да бір шектеулердің қойылуы;
- 5) қосарланған сақтандырудың болуы;
- 6) сақтандыруға өтініште және Сақтандыру шартында көрсетілген мәліметтер мен деректемелердің өзгеруі.

**39.** Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соқтыратын жағдайлар туралы хабардар болған Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе ұлғайған тәуекелге мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында қарастырылған ережелерге сәйкес шартты бұзуды талап етуге құқылы.

**40.** Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы тараудың 37-тармағында қарастырылған міндеттемелерді орындамаса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және оның бұзылуынан келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

**41.** Сақтандырушы егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін жағдайлар жоғалса, Шартты бұзуды талап етуге құқылы емес.

## **9. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ**

**42.** Сақтандыру жағдайының белгілері бар немесе оның салдары сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соқтыруы мүмкін оқиға басталған кезде Сақтанушы (Сақтандырылушы) мыналарға міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайының белгісі бар және/немесе оның салдарынан Сақтандырушыда сақтандыру төлемі бойынша міндеттемелер туындауы мүмкін кез келген оқиға туралы оған мәлім болған немесе мәлім болуы тиіс болған сәттен бастап Сақтандыру шартында көзделген мерзімнен кешіктірмей бұл туралы оқиғаның орнын, уақытын және жағдаттарын көрсетумен, хабарламаны жіберу күнін анықтауға мүмкіндік беретін кез келген тәсілмен Сақтандырушыға хабарлауға;

2) олардың меншік нысанына тәуелсіз тиісті органдар мен ұйымдарға олардың құзіретіне қарай сақтандыру жағдайының белгісі бар оқиғаның орын алуы туралы дереу хабарлауға;

3) Сақтандырушыға дереу оған орын алған оқиғамен байланысты қойылатын барлық талаптар (үшінші тұлғалардың наразылықтары, сотқа шақыру, талап қуыным, қылмыстық іс қозғауға себептер мен негіздемелердің болуы) туралы дереу хабарлауға;

4) сақтандыру жағдайының себептерін, оның барысы мен салдарын анықтау үшін барлық қажетті құжаттарды қабылдауға, сондай-ақ Сақтандырушының зақымданған мүлікті тексеруге және келтірілген залал мөлшерін анықтауға қатысуын қамтамасыз етуге;

5) егер Сақтандырушы Сақтандырушымен қатар, Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайының орын алуымен байланысты мүдделерін қорғау үшін өзінің өкілін тағайындау қажет деп есептесе – Сақтандырушы көрсеткен тұлғаның осындай мүдделерді қорғауы үшін сенімхат және қажетті басқа да құжаттарды беруге;

б) егер Сақтанушының (Сақтандырылушының) талап бойынша соттың істі қарауын тоқтатуды немесе талап қуыным мөлшерін азайту талап ету мүмкіндігі болса, ол туралы Сақтандырушыға мәлімдеуге және талап бойынша өндірісті тоқтату немесе талап қуыным мөлшерін азайту бойынша барлық қолжетімді шараларды қабылдауға;

7) сақтандыру жағдайымен байланысты қойылатын талаптарды ішінара немесе толық өтемеуге, мойындамауға, сонымен қатар, Сақтандырушымен келіспей осындай талаптарды реттеу бойынша белгілі бір тура және жанама міндеттемелерді өз мойнына алмауға;

8) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуының мән-жайларына қатысты және сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді беруге;

9) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығын жүзеге асыру үшін, оның ішінде қажетті құжаттарды ұсыну үшін қажетті барлық әрекеттерді орындауға;

10) орын алған жағдайда сақтандыру жағдайының алдын алу үшін ақылға қонымды және қол жетімді шараларды қабылдауға міндетті. Тиісті шараларды қолдана отырып, Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушының нұсқауларын, егер оларды Сақтандырушы хабарлаған болса, орындауға тиіс.

**43.** Пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы барлық жағдайларда, Сақтанушы немесе Сақтандырылушы оны жасаған-жасамағанына қарамастан, хабарлауға құқылы.

**44.** Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу, егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені дәлелденбеген болса немесе Сақтандырушыда бұл туралы ақпарат болмаса, оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етуі мүмкін болса, сақтандыру төлемінен бас тартуға құқық береді.

## **10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

**45.** Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы, (Сақтандырылушы, Пайда алушы) жазбаша нысанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса отырып қояды.

**46.** Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, мақтандыру төлемі туралы өтінішке келесі құжаттар қосылады:

1) Сақтандыру шартының түпнұсқасы (оның телнұсқасы);

2) заңды күшіне енген (соттың заңды күшіне енгені туралы белгісі бар), Сақтандыру шартында қарастырылған зиян келтіру жағдайына байланысты өтелуге жататын соманың мөлшері мазмұндалған сот актісінің көшірмесі (өзара қатынастар сот тәртібімен реттелетін жағдайда);

3) құзіретті органдардың сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен жағдайларын растайтын, сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) жауапкершілігін анықтауға мүмкіндік беретін құжаттары;

4) өтініш берушінің жеке куәлігінің көшірмесі, құрылтай құжаттарының көшірмесі (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік/анықтама, статистикалық карточка, жарғы, құрылтай шарты);

5) медициналық мекеменің ұсынылған алғашқы медициналық көмек туралы анықтамасы, жұмысқа жарамсыздық парағы, мүгедектік басталған жағдайда – медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының (МӘСК) мүгедектік тобын тағайындау туралы қорытындысы, жәбірленуші қайтыс болған жағдайда – қайтыс болу туралы куәліктің нотариат растаған көшірмесі;

б) сақтандыру төлемін аудару үшін Пайда алушының банктік деректемелері.

**47.** Сақтандырушы Сақтандырушының сақтандыру оқиғасының мәртебесі туралы шешімді қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізбесін өзі шектеуге және Сақтандырушының пікірі бойынша аталған шешімді қабылдау үшін жеткілікті құжаттармен шектелуге құқылы.

**48.** Жекелеген жағдайларда Сақтандырушы, егер олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтауға және шығын мөлшерін анықтауға мүмкіндік бермесе немесе сақтандыру жағдайы туралы қосымша ақпарат қажет болса, Ереженің осы бабында көрсетілмеген басқа құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы.

**49.** Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізімін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге міндетті. Куәліктің бір данасы өтініш берушіге беріледі, екінші данасы өтініш берушінің белгісімен бірге Сақтандырушыда қалады. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талабын электрондық нысанда жіберген жағдайда Сақтандырушы оған аталмыш анықтаманы электрондық нысанда беруі мүмкін.

**50.** Егер Сақтанушы, Сақтандырылушы немесе Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру мәселесін қарау үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаса, Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде өтініш берушіге жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға міндетті.

## **11. ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ**

**51.** Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы нәтижесінде жәбірленушіге келтірілген нақты залал шегінде жүзеге асырылады, бірақ франшизаны ескере отырып, сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан (Сақтанушының жауапкершілігінің лимитінен) аспайды.

**52.** Егер Сақтандыру шартында басқалай анықталмаса, Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) тиісті сақтандыру шартының жасалған жасалмағанына (ондай міндеттеме болған кезде) қарамастан, Қазақстан Республикасында белгіленген міндетті сақтандыру түрлерінің шегінде өтелуге жататын залал үшін сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

**53.** Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасының (Сақтандырушы жауапкершілігінің лимиттері) негізінде тараптардың келісімі бойынша айқындалуы мүмкін.

**54.** Мүлікке ішінара зақым келген жағдайда келтірілген зиян мөлшері оны қалпына келтіру құнының мөлшерінде айқындалады; мүлікті толықтай жоғалтқан жағдайда - егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, пайдалануға немесе сатуға жарамды, бірақ сақтандырылған сомадан (Сақтандырушының жауапкершілігінің лимитінен) аспайтын амортизациялық амортизацияны ескере отырып, оның нарықтық құны мөлшерінде анықталады.

**55.** Егер зиян бірнеше жәбірленушілерге келтірілген болса және келтірілген залалдың жалпы мөлшері сақтандыру сомасынан асып кетсе, онда әрбір жәбірленушіге сақтандыру төлемі барлық жәбірленушілерге келтірілген залалдың жалпы сомасына залалдың үлесіне сәйкес келетін сақтандыру сомасының үлесі мөлшерінде жүзеге асырылады. Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі ішінде болған барлық сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшері сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы керек.

**56.** Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) өзіне келтірілген зиянның орнын толтырса, сақтандыру төлемі Сақтанушыға (Сақтандырылушыға), егер ол жәбірленушінің (Пайда алушының) тиісті түрде ресімделген Сақтанушыға қойылған шағымынан бас тартуды және осы Ережеде көрсетілген, сақтандыру жағдайының басталуын және Сақтандыру шартында анықталған талаптар мен шектеулер есепке алынған залалдар мөлшерін растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырылады.

**57.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы сақтандыру сомасының жасалған сақтандыру төлемінің сомасына азайтылған мөлшерде жауап береді.

**58.** Сақтанушының (Сақтандырылушының) залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығындары, егер тиісті шаралар сәтсіз болса да, егер Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін қажет болса немесе туындаған болса, Сақтандырушы өтейді. Мұндай шығыстар нақты көлемде, алайда сақтандыру төлемдерінің және шығыстардың өтелуінің жалпы мөлшері сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан (жауапкершілік шегі) аспайтындай, сондай-ақ осындай шығындарды растайтын құжаттар Сақтандырушыға ұсынылған жағдайда өтеледі.

## **12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ**

**59.** Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішті Ереженің (Сақтандыру шартының) 10-тарауымен реттелген барлық құжаттарды алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

**60.** Сақтандырылған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылғаннан кейін Сақтандырушы Пайда алушыға Сақтандыру шартында белгіленген мерзім ішінде сақтандыру төлемін төлейді.

**61.** Сақтандыру төлемінен бас тартқан жағдайда, егер өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде Сақтанушыға (Пайда алушыға) жазбаша нысанда бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен хабарлайды.

**62.** Егер қылмыстық іс қозғаған немесе әкімшілік тергеу бастаған жағдайда, Сақтандырушы қылмыстық іс бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға және Сақтандырушыға тиісті құжаттардың ұсынылуына дейін, өтініш берушіге жазбаша хабарлама жіберіп, сақтандыру төлемі туралы шешімді тоқтата тұруға құқылы.

**63.** Егер Сақтандырушыда сақтандыру жағдайын немесе шығындардың мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығына күмән туындаған болса, ол сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау мерзімін осындай құжаттардың түпнұсқалығын уәкілетті органдар растағанға дейін, бірақ 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

**64.** Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) залалдарды азайту бойынша ақылға қонымды және қол жетімді шараларды әдейі орындамауы салдарынан болған залалдарға байланысты сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан босатылады.

**65.** Сақтандырушы егер сақтандыру жағдайы мыналардың салдарынан орын алса, Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара баса тартуға құқылы:

1) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының, қажетті қорғану және аса қажетті жағдайда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайын тудыруға бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана жасалған іс-әрекетінің;

2) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттерінің салдарынан болса;

**66.** Сондай-ақ келесі жағдайларда Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіз болуы мүмкін:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушыға, сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның зардаптары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру оқиғасының немесе оның басталу тәуекелінің айрықша артуының себебі болып табылатын, Сақтандыру шартында белгіленген міндеттемелер мен шарттарды орындамауы;

3) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оның салдарынан сақтандыру жағдайының туындауы мүмкін оқиғаның туындағаны туралы Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы;

4) сақтандыру жағдайы басталуының мән-жайын тексеруде және одан келген залалдардың мөлшерін белгілеуде Сақтандырушыға кедергі жасауы;

5) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайынан туындаған шығындарды азайту шараларын қасақана қолданбауы;

6) сақтандыру жағдайының Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғалудың әрекет ету кезеңінен тыс жерде туындауы;

7) егер Сақтанушы (Пайда алушы) тиісті өтемақыны шығын келтіруге кінәлі тұлғадан алған болса;

8) егер сақтандыру жағдайы туындаған сәтте Сақтандыру шарты күшіне енбесе;

9) Сақтанушы сақтандыру жағдайының туындау фактісін растайтын, осы Ереженің 10-тарауында және Сақтандыру шартында көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда;

10) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғандығы үшін жауапты адамға талап қою құқықтарынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығын өткізу үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы.

### **13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ**

**67.** Сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтанушының өтініші негізінде жасалады.

**68.** Сақтандыру шартын (бұдан әрі - Өтініш) жасасуға арналған өтінім нысанын Сақтандырушы белгілейді

**69.** Қағаз нысанда жасалған Сақтандыру шарттары бойынша Сақтанушы қол қойған өтініш Сақтандыру шартының Сақтандырушыда болатын данасының ажырамас бөлігі болып табылады.

Электрондық нысанда жасалған Сақтандыру шарттары бойынша Өтінім Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушымен ұсынылған ақпарат тізімін құрайды, бұл ретте Өтінімге қол қою Сақтандырушымен белгіленген тәсілмен жүзеге асырылады.

**70.** Сақтандыру шарты Сақтандырушы сақтандыру тәуекелін бағалағаннан кейін және тараптар Сақтандыру шартын жасасу арқылы немесе Сақтанушыны сақтандыру ережесіне қосып, оған сақтандыру полисін беру арқылы Сақтандыру шартының барлық маңызды шарттары туралы келісімге келгеннен кейін жазбаша түрде жасалады.

Электронды нысандағы Сақтандыру шартын жасасу Сақтанушы мен Сақтандырылушы арасында электронды ақпараттық ресурстарды айырбастау жолымен жүзеге асырылады.

Электронды нысанда Сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтандырушы Сақтанушының электронды поштасының мекенжайына электронды Сақтандыру шартын жөнелтеді.

**71.** Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының ықтималдығын және оның туындауынан болатын ықтимал шығындардың мөлшерін айқындау үшін айтарлықтай маңызы бар жағдайлар туралы, егер бұл жағдаяттар белгісіз болса және Сақтандырушыға таныс болмауы керек болса, хабарлауға міндетті.

**72.** Сақтандыру шартын жасасу және сақтандыру тәуекелін бағалау үшін Сақтандырушы Сақтанушыдан сақтандыру тәуекелін сипаттайтын қосымша құжаттарды (мәліметтерді) талап етуі мүмкін.

**73.** Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу Сақтандыру шартын жасасу нысанына сәйкес Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде, Сақтандырушының Сақтандыру шартына қосымша келісім жасауы арқылы жүргізіледі. Егер сақтандыру сақтандыру полисін шығару арқылы жүзеге асырылса, онда өзгертулер мен толықтырулар енгізілген кезде сақтандыру полисі мерзімінен бұрын тоқтатылып, жаңасы жасалады.

**74.** Егер Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін, Сақтанушының Шартты жасасу мақсатында Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін маңызды мән-жайлар туралы жалған ақпарат бергені және Сақтандырушы Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдағаны анықталса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

**75.** Егер Сақтандыру шартында Сақтанушының жағдайын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдаймен салыстырғанда нашарлататын жағдайлар болса, Қазақстан Республикасының осы заңнамалық актілерінде белгіленген ережелер қолданылады.

**76.** Қағаз нысанда ресімделген Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға оның жазбаша өтінішінің негізінде Сақтандыру шартының телнұсқасын береді. Сақтанушының сұрауы бойынша электрондық нысанда ресімделген Сақтандыру шарты Сақтанушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде көрсетілген Сақтанушының электрондық пошта мекенжайына қайта жіберілуі мүмкін.

Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру шартының телнұсқасын жасау шығындарын өндіріп алуға құқылы, бұл ретте өтелетін шығыстардың жалпы сомасы Сақтандыру шартымен белгіленеді.

#### **14. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС АУМАҒЫ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ**

**77.** Сақтандыру шартында көрсетілген аумақ сақтандыру аумағы болып табылады.

**78.** Сақтандыру шарты Шартта көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып есептеледі. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру арқылы қорғалу кезеңі Сақтандыру шартының мерзімімен сәйкес келеді.

**79.** Сақтандыру шарты келесі жағдайларда өзінің әрекет етуін тоқтатады:

1) Сақтандыру шартының мерзімі аяқталғанда;

2) Сақтандырушы сақтандыру сомасының (Сақтандырушының жауапкершілік лимитінің) мөлшеріндегі сақтандыру сомасын жүзеге асырғанда;

3) Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылғанда.

**80.** Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа келесі жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылады:

1) сақтандыру объектісі тоқтаған кезде;

2) Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылушының қайтыс болып, ол ауыстырылмаған кезде;

3) егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, Сақтанушы сақтандырылған объектіні иеліктен шығаруы;

4) сақтандыру жағдайының туындау мүмкіндігі жойылғанда және сақтандыру жағдайынан басқа жағдайларға байланысты сақтандыру тәуекелінің болуы тоқтатылғанда;

5) Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;

6) егер Сақтандыру шарты Сақтанушыға Сақтандыру полисін беру арқылы жасалған болса, сақтандыру полисіне енгізілген шарттар мен ақпараттың өзгеруі;

7) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда.

Көрсетілген жағдайларда шартты бұзуға негіз болған жағдай туындаған кезден бастап шарт бұзылған болып саналады, бұл туралы мүдделі тарап екінші тарапқа дереу хабардар етуі керек.

**81.** Сақтандыру шарты Тараптардың бастамасы немесе келісімі бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін. Егер Сақтандыру шартында немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға бастамашы болған тарап басқа тарапқа бұзу жоспарланған күнінен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей хабарлайды. Тараптардың бастамасы немесе келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатудың шарттары Сақтандыру шартында белгіленеді.

**82.** Сақтандыру шарты осы тараудың 79 және 80-тармақтарында көзделген жағдайларға байланысты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Сақтандырушы мөлшері Сақтандыру шартында кері қайтарылуы тиіс сақтандыру сыйлықақысынан проценттік ара-қатынаста белгіленетін, іс жүргізу шығындарын шегеріп, сақтандыру жарнасының бір бөлігін сақтандыру әрекет еткен уақытқа сәйкес алуға құқылы.

**83.** Сақтанушы кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

Сақтандыру шарты Сақтанушының бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда (Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқанда), Сақтандырушы төленген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын қайтармауға құқылы.

Сақтанушының бастамасы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың шарттар Сақтандыру шартында айқындалады.

**84.** Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын бұзылуы Сақтанушының кінәсінен оның талаптарын орындамауға байланысты болса, сақтандыру сыйлықақысы (оның бөлігі) қайтарылмайды.

**85.** Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамауға байланысты болса, соңғысы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

**86.** Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасу кезінде заңсыз пайда алу мақсатын ұстанса, оның ішінде оның сақтандыру жағдайы туындағаннан кейін жасаса Сақтандыру шарты жарамсыз болып танылады.



## **15. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ**

**87.** Қосарланған (көпше) сақтандыру – бір объектіні бірнеше Сақтандырушыда олардың әрқайсысымен жеке шарттар бойынша сақтандыру.

**88.** Көлік құралын қосарланған сақтандыру кезінде әрбір Сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен жасалған Шарттың шегінде жауаптылықта болады, алайда Пайда алушының мүлкіне тигізілген зиян үшін онымен барлық Сақтандырушылардан алынған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

**89.** Бұл ретте Пайда алушы өзімен жасалған шартта көзделген сақтандыру сомасының көлемінде кез келген Сақтандырушыдан сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты нұқсанды жаппаған жағдайда, Сақтанушы жетпейтін соманы басқа Сақтандырушыдан алуға құқылы.

**90.** Сақтандыру төлемінен толықтай немесе ішінара босатылған Сақтандырушы келтірілген нұқсанды басқа Сақтандырушылардың өтегеніне орай, Сақтанушыға шеккен шығыстарды шегере отырып, сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін қайтаруға міндетті.

**91.** Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қосарланған сақтандыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға басқа сақтандыру компанияларында сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы барлық ақпаратты, оның ішінде басқа Сақтандырушылардан алынған сақтандыру төлемдерінің мөлшері туралы ақпаратты беруге міндетті.

**92.** Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен жағдайларын білуге, басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп, сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген шығындардың мөлшерін анықтауға құқылы.

## **16. СУБРОГАЦИЯ**

**93.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты адамға қоятын Сақтанушының (Сақтандырылушының) төленген сомасының шегінде талап қою құқығы ауысады.

**94.** Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға ондағы бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге, және оған Сақтандырушыға ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыруға қажетті барлық мәліметтердің хабарлауға міндетті.

**95.** Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушымен өтелген шығындар үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартса, немесе осы құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (Сақтандырылушының) кінәсінен мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толығымен немесе тиісті бөлігін жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

## **17. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЯТТАРЫ**

**96.** Егер тараптар еңсерілмейтін күш жағдайларына (форс-мажорға) байланысты, яғни тараптың Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін орындау мүмкін болмайтын ерекше және болдырмайтын жағдайларға байланысты өз міндеттемелерін тиісті түрде орындау мүмкін еместігін дәлелдейтін болса, тараптар жауапкершіліктен босатылады.

**97.** Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді тараптардың біреуі толық немесе жартылай орындауы мүмкін болмаған жағдайда, оларды орындау мерзімі осындай жағдайлар болған уақытқа тең мерзімге кейінге қалдырылады.

**98.** Егер форс-мажорлық жағдаяттар 3 (үш) айдан астам уақытқа созылса, онда тараптардың әрқайсысы Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда тараптардың ешқайсысы екінші тараптан Сақтандыру шартының бұзылуынан келтірілген залалдың орнын толтыруды талап етуге құқылы емес.

**99.** Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған тарап міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін жағдайлардың туындауы немесе тоқтатылуы туралы екінші тарапқа жиырма күндәік мерзімде хабарлауға міндетті.

## **18. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

**100.** Сақтандыру субъектілерінің арасында Сақтандыру шартын орындау бойынша туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

## **19. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР**

**101.** Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

**102.** Сақтандырушы осы Ереженің негізінде сақтандыру тәуекелдерінің түрлі жинақтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін өзге де сақтандыру шарттарымен сақтандыру бағдарламаларын әзірлеуге құқылы.

**103.** Сақтандыру шартының мазмұны осы Ережеге сәйкес келмеген жағдайда, егер бұл Сақтандыру шартында көзделген болса Сақтандыру шартының талаптары қолданылады.

**104.** Осы Ережемен реттелмеген бөлікте Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қолданылады.